- 2.1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансына, банк шоттарына ие, өз атынан мүліктік және жеке мүліксіз құқықтарды ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарады, сотта қуынушы және жауапкер ретінде сөз сөйлейді. Қоғам әділет органында мемлекеттік тіркеуді өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқығы мен міндетіне ие болады.
- 2.2. Қоғам мөрге, өз атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілеріне және оның қызметін жүзеге асыруына қажетті басқа да деректемелеріне ие, өзіндік тауар белгісіне және рәмізіне ие бола алады, олардың үлгілері Қоғамның атқарушы органымен бекітелінеді және анықталған тәртіпте тіркелінеді.
- 2.3. Қоғам акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығара алады, олардың шығарылу, орналастыру, айналымы және өтеу шаралары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мен акцияларды шығару даңғылысы туралы заңнамасымен анықталынады.
- 2.4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 2.5. Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған тәртіпте Қоғам оның орналасқан жерінен тыс орналастырылған, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам атынан және оның тапсырысы бойынша олардың Ережелері негізінде әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.
- 2.6. Қоғам өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті өз мүлігі шегінде тартады.
- 2.7. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартпайды. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартпайды және Қоғам қызметіне байланысты залалдарды оларға тиесілі акциялардың құны шегінде өтейді, Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа.

3 бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

- 3.1. Қоғам қызметінің негізгі түрлерімен акционерлердің мүддесіне қарай, сондай-ақ өндірісті дамыту үшін табысты алу болып табылады.
- 3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлерімен мыналар болып табылады:

- 3.2.1. электр және жылу энергиясын өндіру;
- 3.2.2. электр энергиясын бөлу және тарату;
- 3.2.3. жұмыс күшінің барлық диапазонында жүктеулікті апаруына және электрэнергияны өндіру, сонын ішінде оны Республиканың біріккен энерго жүйесіне өткізу үшін, сондай-ақ жұмыс тәртібіне сәйкес электрэнергияны транзиттік өткізу дайындылығын қамсыздандыру;
- 3.2.4. табиғи айналымға зиян әсерін азайтуына бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық шараларды жүзеге асыру;
- 3.2.5. электр-энерго құралдарының пайдалануы, жөндеуі және оларға қызмет көрсету;
- 3.2.6. қысым астында жұмыс істейтін қазандылықтардың, турбиналардың, ыдыстардың және құбырлардың жөнделуі және пайдалануы,
- 3.2.7. пайдалану, ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету:
- 1) қысым астында жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандылықтардың, ыдыстардың;
 - 2) қазандылық-қосымша құралдың;
 - 3) көміртегі мен азот баллондарының және құбырларының;
 - 4) қысым астында жұмыс істейтін бу және ыстық су құбырларының ;
 - 5) турбиналардың;
 - 6) турбина қосымша құралдарының;
 - 7) диагностика,
 - 8) іске-қосу-орналастыру жұмыстары;
 - 9) модернизациялау және қалпына келтіру.
- 3.2.8. сыртқы экономикалық қызмет.
- 3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметті жүзеге асыра алады.
- 3.4. Сәйкес лицензияны, рұқсатты, сертификатты алуына қажет болатын қызметпен Қоғам соларды алған сәттен бастап және оларды өндіріп алғанына, заңмен анықталған тәртіпте мерзімі өткен немесе заңсыз деп саналғанына дейін айналыса алады.

4 бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Қоғамның акционері құқылы:

- 4.1.1. Заңмен және Қоғам жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруына қатысу;
- 4.1.2. дивиденттерді алу,
- 4.1.3. Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, сонын ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Қоғам Жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу,
- 4.1.4. Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын дәлелдейтін көшірмелерін алуға,
- 4.1.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлану үшін кандидатураны ұсыну,
- 4.1.6. Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде дау айту,
- 4.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуымен шағымдануға және Қоғам сұрау салуды алған күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауапты алуға,
- 4.1.8. Қоғамды таратқан кезде мүлік бөлігіне,
- 4.1.9. Қоғамның Жарғысымен және Заңмен анықталған тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына конверттелінетін басқа да бағалы қағаздарды айрықша сатып алуына, заң актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа.

4.2. Қоғамның ірі акционері құқылы:

- 4.2.1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақыруын талап ету немесе акционерлердің жалпы жиналысын жинауына директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа даумен шағымдануға;

- 4.2.2. Қоғам Жарғысына және Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтардың енгізуін ұсыну;
- 4.2.3. директорлар кеңесінің отырысының шақырылуын талап ету;
- 4.2.4. өз есебі үшін Қоғамның аудитін аудиторлық ұйымымен жүргізуін талап ету.
- 4.3. осы бабтың 4.1.1. және 4.1.2. тармақтарымен анықталған акционерлер құқықтарының шектелуі жіберілмейді.
- 4.4. Жай акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысында сайлауға шығарылатын барлық сұрақтарды шешкенде дауыс беру құқығымен қатысуына құқығын, Қоғамда таза табыс болғанда дивиденттерді алуына құқығын ұсынады.
- 4.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттердің төленілуі тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындысы бойынша немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жыл қорытындысы бойынша жүргізіледі. Жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде бір жай акцияға дивиденттің мөлшері белгіленеді.
- 4.6. Акционерлер - артықшылығы бар акцияларының иелері жай акцияларының иелері – акционерлердің алдында Қоғам Жарғысымен белгіленген алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивиденттерді алуына және Заңмен анықталған тәртіпте Қоғамды таратқанда мүліктің бөлігіне айрықша құқығына ие болады. Қоғамның артықшылығы бар акцияларының саны Қоғамның барлық жарияланған акцияларының жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспауы тиіс.
- 4.7. Артықшылығы бар акция акционерге Қоғамды басқаруына құқықты бермейді, осы бабтың 4.9. тармағымен белгіленген жағдайлардан басқа.
- 4.8. Артықшылығы бар акция акционерге Қоғамды басқаруына қатысу құқығын береді, егер:**
- 4.8.1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылығы бар акцияларының иесінің құқығын шектей алатын шешімі бойынша сұрақты қарастырғанда. Сондай сұрақ бойынша шешім қабылданды деп саналады, егер оған орналастырылған (сатып алғандарды есептемей) артықшылығы бар акцияларының жалпы санынан үштен екіден кем емесі шектеу үшін дауыс берсе.
- 4.8.2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы сұрақты қарастырады.
- 4.8.3. Артықшылығы бар акциялары бойынша дивиденттер оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық көлемінде төленбесе.
- 4.9. Қоғам акционері міндетті:**
- 4.9.1. акцияны төлеу;
- 4.9.2. Тіркеушіні және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналдық ұстаушыны он күн ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар ету;
- 4.9.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалынатын құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;
- 4.9.4. Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.
- 4.10. Қоғам және тіркеуші акционер осы баптың 4.9.2. тармағымен анықталған талапты орындамағаны үшін жауапты тартпайды.

5 бап. Қоғамды басқару органдары

- 5.1. Қоғам органдары:
- 5.1.1. жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы,
- 5.1.2. басқару органы – директорлар кеңесі;
- 5.1.3. атқарушы директор – Қоғам Басқармасы;
- 5.2. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасына сәйкес басқа да органдарды құра алады.

6 бап. Акционерлердің жалпы жиналысы, оның құзыреті және онымен шешімдерді қабылдау тәртібі.

6.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс жиналыстарға бөлінеді. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

6.2. Акционерлердің әр жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітелінеді, өткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісінің бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына дивиденттің мөлшері анықталынады, Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің шағымдану туралы сұрақ және оларды қарастыру қорытындылары қарастырылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам акционерлерін Қоғамның атқарушы органының және директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны беру мөлшері туралы ақпараттандырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы оның құзыретіне жататын басқа да сұрақтарды қарастыруға құқылы.

6.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл біткен соң бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Айтылған мерзім үш айға ұзартылынуы мүмкін, егер есептік мерзім үшін Қоғамның аудиті аяқталынбаса.

6.4. Акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталау жалпы жиналысын дайындау және өткізу, оны өткізу туралы ақпаратты ұсыну және кворумды анықтау тәртібі Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.5. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына жеке өзі немесе өз өкілі арқылы қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқылы. Қоғам Басқармасының Төрағасы акционерлердің жалпы жиналысында акционердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқылы емес.

6.6. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітелінетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның ережелерімен және басқа да құжаттарымен Заң талаптарына сәйкес оны жүргізудің жұмыс тәртібі анықталынады.

6.7. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын, хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс бергенде шешім дауыс құқығы бар келгендердің жалпы санынан жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

6.8. Осы бабтың 6.9.1.- 6.9.3. тармақтарында белгіленген сұрақтар акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беруімен шешілінбейді. Сұрақтардың осы тізіліміне басқа да сұрақтар қосылынуы мүмкін.

6.9. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

6.9.1. Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа баспада баяндау,

6.9.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту, егер Қоғам Жарғысымен осы кодекстің қабылдауы қарастырылса;

6.9.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

6.9.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6.9.5. Қоғамның бағалы қағаздарының конверттеліну шаралары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгертуін анықтау,

6.9.6. есеп комиссиясының және оның мүшелерінің сандық құрамасын және өкілеттілік мерзімін анықтау және оларды сайлаған кезде олардың өкілеттілік мерзімін мерзімінен бұрын доғару;

6.9.7. директорлар кеңесінің сандық құрамасын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыларды төлеумөлшері мен шараларын анықтау,

- 6.9.8. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымын анықтау;
- 6.9.9. жылдық қаржылық есептілікті бекіту,
- 6.9.10. есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына дивиденттердің мөлшерін бекіту;
- 6.9.11. Заңының 22 бабтың 5 тармағымен қарастырылған жағдайлар болғанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 6.9.12. Қоғаммен басқа заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне Қоғамға барлық тиесілі активтердің жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын сомаға активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен қатысу туралы шешім қабылдау;
- 6.9.13. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғаммен акционерлерді хабардар ету нысанасын анықтау және сондай шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау,
- 6.9.14. Осы Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай құжаттарымен бекітілсе) өзгерістерді бекіту;
- 6.9.15. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту,
- 6.9.16. акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, сонын ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын да анықтау,
- 6.9.17. «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 6.9.18. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне осы Жарғымен және Заңмен жататын басқа да сұрақтар.
- 6.9.19. осы бабтың 6.9.1.-6.9.4. тармақтарында белгіленген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан мамандырылған көпшілігімен қабылданады.
- 6.10. Басқа сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сайлауға қатысатын Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан жай көпшілігімен қабылданады.
- 6.11. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын сұрақтар бойынша шешімдердің қабылдауын Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалардың және жұмысшылардың құзыретіне беруге жол жіберілмейді, егер басқасы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен қарастырылмаса.
- 6.12. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын сұрақтар бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

7 бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі.

- 7.1. Акционерлер болашақты жалпы жиналысты өткізу туралы отыз күнтізбелік күннен кеш емес хабарландырылынуы тиіс, ал сырттай дауыс беру немесе аралас сайлау жағдайында - жиналысты өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күнінен кеш емес хабардар болуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілінуі туралы хабар бұқаралық ақпарат құралдарында басып шығарылынуы тиіс немесе оларға жіберілінуі тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама әр акционерге жазбаша хабарды жіберу жолымен мәліметіне жеткізілінуі тиіс.
- 7.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің және ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- 7.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шақыру тәртібіне және дауыстарды санау тәртібіне қатысты басқа да сұрақтар Заңмен реттелінеді.

8 бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.

8.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Жарғыға, Заңға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарға сәйкес немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталынады.

8.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанына дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеуі жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығын дәлелдейтін сенімхатты ұсынуы тиіс.

8.3. Тіркеуді өтпеген (акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтағанда есептелінбейді және сайлауға қатысуға құқылы емес.

8.4. Артықшылығы бар акциялардың иесімен болып табылатын акционер күндізгі тәртібінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қарастырылатын сұрақтардың талқылауына қатысуға құқылы.

8.5. Егер басқасы осы Жарғымен немесе күндізгі тәртібінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленбесе, онда шақырусыз басқа да тұлғалар бола алады. Сондай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен анықталынады.

8.6. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытта кворум болғанда ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытынан ерте ашыла алмайды, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелінген, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуіне қарсы болмаған жағдайдан басқа.

8.7. Акционерлердің жалпы жиналысы оның төрағаның (президиумның) және хатшының сайлауын жүргізеді және сайлау нысанасын анықтайды – ашық немесе жабық (бюллетень бойынша).

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылатын сұрақ бойынша таластарды тоқтату, сондай-ақ ол бойынша дауыс беруді өзгерту туралы ұсынысты сайлауға шығаруға құқылы.

8.9. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тізбесінің барлық сұрақтарын қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешімдерді қабылдағаннан кейін жабық деп жариялануы мүмкін.

8.10. Жиналыстың хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында белгіленген барлық мәліметтердің толығына және нақтылығына жауап береді.

9 бап. Жалпы жиналыспен шешімдерді қабылдау тәртібі.

9.1. Шешімдер сайлауды күндізгі түрде немесе сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруі акционерлердің жалпы жиналысына келген акционерлердің сайлауымен қатар (аралас сайлау), не болмаса акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

9.2. Сырттай дауыс беруді өткізгенде сайлау үшін бюллетеньдер акционерлер тізіліміне қосылған тұлғаларға бірінғай нысанасымен жіберіледі (беріледі). Қоғам сайлау нәтижелеріне әсер ету мақсатымен жеке акционерлерге бюллетеньдерді таңдап жіберуге құқылы емес.

9.3. Бюллетень акционерлер тізіліміне қосылған тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін қырық бес күнінен кеш емес жіберілуі тиіс.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы қол қоюға жатады:

9.4.1. жиналыстың төрағасының және хатшысының;

9.4.2. есеп комиссиясының мүшелерімен немесе оның функцияларын орындайтын тұлғаның;

9.4.3. Қоғам акцияларының дауыс беретін акциялардың он және одан да көп пайызға ие болатын және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлермен.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғамен оған қол қойылмаған жағдайда , хаттамаға қолды сенімхаты бар оның өкілі қол қояды.

10 бап. Қоғамның директорлар кеңесі және оның құзыреті.

10.1. Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Заңмен және осы Жарғымен жатқызылған сұрақтарды шешуінен басқа.

10.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

10.2.1. қоғам қызметінің басымдылық бағыттарын анықтау;

10.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарды шақыру туралы шешімді қабылдау;

10.2.3. акцияларды орналастыру (сату), сонын ішінде жарияланған акциялар көлемі шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) амалы мен бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.4. қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту,

10.2.6. қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығарудың шараларын анықтау,

10.2.7. атқарушы органының сандық құрамасын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның бастығын және мүшелерін (атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғалар) таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғару,

10.2.8. лауазымдық окладтарының мөлшерін және атқарушы органының бастығының және мүшелерінің(атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғалар) еңбек ақысын және сыйақысын беру шараларын анықтау,

10.2.9. ішкі аудит қызметінің сандық құрамасын және өкілеттілік мерзімін анықтау, оның бастығын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғару, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметінің жұмысшыларына еңбек ақысын және сыйақысын беру шараларын анықтау;

10.2.10. корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ корпоративтік хатшысына лауазымдық окладтың мөлшерін және сыйақысын беру шараларын анықтау;

10.2.11. аудиторлық ұйымының, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуіне берілген, не болмаса ірі мәміленің кепілі болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының еңбек ақысының мөлшерін анықтау;

10.2.12. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органымен қабылданатын құжаттардан басқа) құжаттарды, сонын ішінде қоғамның бағалы қағаздарына қол қоюды және аукциондарды жүргізу тәртібі мен шараларын анықтайтын ішкі құжатын бекіту ;

10.2.13. қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту,

10.2.14. қоғаммен басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау;

10.2.15. Қоғамға акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) тиесілі болатын заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет сұрақтары бойынша шешім қабылдау;

10.2.16. оның өзіндік капиталының мөлшерінен он және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерге қоғам міндеттемелерін көбейту;

10.2.17. қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда қоғамның тіркеушісін сайлау;

10.2.18. Қоғам туралы ақпаратты немесе қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалынатын құпияны құрайтын оның қызметті туралы ақпаратты анықтау,

- 10.2.19. ірі мәмілелерді және қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау,
- 10.2.20. акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын Заңмен және Қоғамның Жарғысымен қарастырылатын басқа да сұрақтар;
- 10.3. бтың 10.2. тармағында берілген сұрақтар тізбесі атқарушы органға шешім қабылдауға берілмейді.
- 10.4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес атқарушы органының құзыретіне жататын сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

11 бап. Директорлар кеңесінің құрамы

- 11.1. Директорлар кеңесінің мүшесімен тек қана жеке тұлға бола алады.
- 11.2. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардан сайланылады:
- 11.2.1. акционерлер – жеке тұлға;
- 11.2.2. директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін өкіл ететіндер сапасында сайлауға ұсынылған (ұсыныспен берілген) тұлғалар.
- 11.2.3. осы Жарғымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, басқа да тұлғалар.
- 11.3. Директорлар кеңесінің мүшелерінің сайлануы кумулятивтік амалмен жүргізіледі. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша өз дауыстарын толық бір кандидатқа беруге немесе бірнеше кандидат арасында бөлуге құқылы. Дауыстардың көп санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланғандар болып саналады. Егер директорлар кеңесінің мүшесіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауысқа ие болса, олар үшін қосымша сайлау өткізіледі.
- 11.4. Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғам акционерімен болып табылмайтын және акционердің мүддесін өкіл етуші сапасында директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыныспен берілмеген) жеке тұлға сайлануы мүмкін. Сондай тұлғалардың саны директорлар кеңесінің құрамынан елу пайызынан аспауы тиіс.
- 11.5. Қоғам Басқармасының Төрағасы директорлар кеңесіне сайланылуы мүмкін, бірақ директорлар кеңесінің Төрағасы қызметіне сайланылмайды.
- 11.6. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан аз болмауы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерінен үштен бірінен кем емесі тәуелсіз директорлармен болуы тиіс.
- 11.7. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттілік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен анықталынады. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде бітеді, сол жиналыста жаңа директорлар кеңесінің сайлауы өтеді.
- 11.8. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғаруға құқылы. Директорлар кеңесінің мүшесінің оның өз бастамасы бойынша өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуы директорлар кеңесіне жазбаша хабар негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің сондай мүшенің өкілеттіліктері сондай хабарды алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 11.9. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғарған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің сайлануы акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылғандардың кумулятивтік сайлауымен жүзеге асырылады, сонда директорлар кеңесінің жаңа сайланылған мүшесінің өкілеттілігі директорлар кеңесінің толық өкілеттілік мерзімімен бірге бір уақытта бітеді.
- 11.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланылған тұлғалар, шектеусіз рет қайта сайланылуы мүмкін.
- 11.11. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің санынан ашық дауыс беруімен директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан жай көпшілік дауысымен сайланылады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

11.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын өткізеді, сондай-ақ осы Жарғымен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

11.13. Маңызды сұрақтарды қарастыру және ұсыныстарды дайындау үшін директорлар кеңесіне директорлар кеңесінің комитеттері келесі сұрақтар бойынша құрылады: стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, ішкі аудит, әлеуметтік сұрақтар, Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да сұрақтар.

Директорлар кеңесі комитетінің жұмысын қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамасы директорлар кеңесімен бекітелінетін Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталынады.

12 бап. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

12.1. Директорлар кеңесінің отырыстары оның Төрағасының немесе Қоғамның атқарушы органының бастығының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін немесе мыналардың талабы бойынша:

12.1.1. директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің,

12.1.2. Қоғамның ішкі аудит қызметінің,

12.1.3. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымының,

12.1.4. ірі акционердің.

12.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің Төрағасына директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бар жазбаша хабарламаны жіберу жолымен беріледі.

12.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақыруға бас тартқан жағдайда, бастамашы айтылған талаппен Қоғамның атқарушы органының бастығына шағымдануға құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысы директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Қоғамның атқарушы органының бастығымен шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кеш емес шақырылуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы айтылған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

12.4. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар және отырыстың күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдармен қосымша мүшелерге және «алтын акцияның» иесіне отырысты өткізу күніне дейін үш күннен кеш емес жіберілуі тиіс. Кейінге қалтырылмайтын жағдайда, директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламалар отырысты өткізуіне дейін бір күн бұрын жіберілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және жері, сондай-ақ күн тәртібі болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін директорлар кеңесімен анықталады, ал «алтын акция» иесіне хабарлама қол қоюмен жеке қолға беріледі.

12.5. Директорлар кеңесінің мүшесі атқарушы органының бастығын оның директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтының алдын ала айтуға міндетті.

12.6. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесінің мүшелер санынан жартысынан кем емес болуы тиіс. Жариялы компанияның директорлар кеңесінің отырысында міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санынан жартысынан кем емес көлемінде тәуелсіз директорлар ұсынылуы тиіс. Егер директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғымен анықталған кворумға жетпесе, онда директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің сондай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

12.7. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір ғана дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа келген мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда директорлар кеңесі Төрағаның немесе отырыста төрағалықты ететін тұлғаның дауысы шешімді болып табылады.

12.8. Директорлар кеңесі өз отырысын жабық түрінде өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, онда тек қана директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

12.9. Директорлар кеңесінің отырыстары күндізгі тәртіпте өткізіледі. Отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделінуі және оған Төрағаның немесе отырыста төрағалықты еткен тұлғаның және директорлар кеңесі хатшысының қолы отырысты өткізген күннен бастап үш күн ішінде қойылуы тиіс және мынаны ұстауы тиіс:

12.9.1. толық атауы мен қоғамның атқарушы органының орналасу жері;

12.9.2. отырысты өткізу күні, уақыты және орны;

12.9.3. отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;

12.9.4. отырыстың күн тәртібі;

12.9.5. сайлауға қойылған сұрақтар және олар бойынша сайлау қорытындылары;

12.9.6. қабылданған шешімдер;

12.9.7. директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

12.10. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары қоғамның мұрағатында сақталады. Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған отырыстың хаттамасын және онда қабылданған шешімдерді танысуға немесе Қоғамның мөрі қойылған және Қоғамның лауазымды қызметкердің қолымен куәландырылған хаттамадан көшірмені және шешімдерді ұсынуға міндетті.

13 бап. Қоғамның атқарушы органы.

13.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның алқалы атқарушы органы – **Басқарма** жүзеге асырады (әрі қарай – Басқарма).

13.2. Басқарма заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген сұрақтары бойынша шешім қабылдауға құқылы. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

13.3. Басқарма Қоғамның директорлар Кеңесімен сайланады.

13.4. Басқарма мүшесімен акционер, сондай-ақ акционер болып табылмайтын Қоғам қызметкері бола алады. Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда қоғамның директорлар кеңесінің келісімімен ғана қызмет етуге құқылы.

13.5. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңымен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ Қоғаммен әрқайсысы жасайтын жеке еңбек шартымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады. Басқарма мүшелерімен еңбек шартына Қоғам атынан директорлар кеңесі Төрағасының немесе акционерлердің жалпы жиналысымен немесе директорлар кеңесімен лауазым етілген тұлғаның қолы қойылады.

13.6. Басқарма отырыстары қажет болған жағдайда өткізіледі, онда төрағалықты Басқарма төрағасы, ал ол болмаған жағдайда оның міндеттерін орындайтын орынбасары етеді.

13.7. Басқарма шешімді қабылдауға құқылы, егер оның отырысында басқарма мүшелерінен жартысынан кем емесі болғанда.

13.8. Басқарманың шешімдері басқарма мүшелері санынан жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешімді болып табылады.

13.9. Қоғам Басқармасының Төрағасы оның атқарушы органының бірінші басқарушысы болып табылады және Қоғам қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Қоғам Басқармасының Төрағасы қызметке Қоғамның директорлар Кеңесімен сайланады.

13.10. Қоғам Басқармасының Төрағасы :

13.10.1. акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

13.10.2. үшінші жақтармен қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

13.10.3. Қоғамды үшінші жақтар алдында ұсыну үшін сенімхаттарды береді, соның ішінде сенімнің ауысуымен сенімхаттар;

13.10.4. Атқарушы органының және қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа, Қоғам жұмысшыларының қабылдауын, ауысуын және қызметтен босатылуын жүзеге асырады (осы Заңмен анықталған жағдайлардан басқа), оларға көтермелеу шараларын қолдайды және тәртіптік жазаларды береді, қоғам жұмысшыларының лауазымдық окладтарының мөлшерін және қоғамның штаттық кестесіне сәйкес окладтарға дербес үстемелердің мөлшерін анықтайды, қоғам жұмысшыларына сыйақы мөлшерін анықтайды;

13.10.5. Осы Жарғымен, акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

14 бап. Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі.

14.1. Қоғам оның акционерлерінің мүддесіне тиесілі болатын Қоғам қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің мәліметіне жеткізуге міндетті.

14.2. Қоғам акционерлерінің мүддесіне тиесілі болатын ақпаратпен танылады:

14.2.1. акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

14.2.2. Қоғаммен акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығару және лауазымды органымен Қоғамның бағалы қағаздарын орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту, лауазымды органымен Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жою;

14.2.3. Қоғаммен ірі мәмілелерді және Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасасу;

14.2.4. Қоғамның өзіндік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерге қоғаммен заемды алу;

14.2.5. кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруына Қоғаммен лицензияны алу, кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруына Қоғаммен бұрын алынған лицензияларын тоқтату немесе одан айырылу;

14.2.6. Қоғаммен заңды тұлғаның құруына қатысу;

14.2.7. қоғамның мүлкін қамауға алу;

14.2.8. апатты мінезге жататын жағдайлардың болуы нәтижесінде қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан да көп пайызды құрайтын баланстық сомаға қоғамның мүлкі жойылса;

14.2.9. қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

14.2.10. корпоративтік талас бойынша сотта іс жүргізу;

14.2.11. қоғамды мәжбүрлеп түрінде қайта ұйымдастыру туралы шешім;

14.2.12. осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүддесіне тиесілі болатын басқа да ақпарат.

14.3. Қоғам акционерлерінің мүддесіне тиесілі болатын оның қызметі туралы ақпараттың ұсынылуы Қазақстан Республикасы аумағында таралатын және тиражы он бес мың данадан кем болмайтын мерзімдік баспа құралында ақпаратты басып шығару жолымен жүзеге асырылады, сондайларға «Заң газеті» жатады, не болмаса заңмен анықталған тәртіпте әр акционерге дербес хабарламаны жіберу жолымен жүзеге асырылады.

15 бап. Қоғамға акционермен және қоғамның лауазымды тұлғаларымен олардың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну

15.1. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты келесі мөлшерде ұсынады:

15.1.1. Жеке тұлғалар туралы: тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты болғанда); тұлғаны куәландыратын құжаттың деректемелері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы деректемелер, туған күні; аффилиирлендікті тану үшін негіз; аффилиирлендік пайда болған күні.

15.1.2. Заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі; заңды тұлғаның пошта индексы мен тұрақты орналасқан жері; аффилиирлендікті тану үшін негіз; аффилиирлендік пайда болған күні.

15.2. Қоғамның акционерлерімен және аффилиирленген тұлғаларымен аффилиирленген тұлғалар туралы ақпарат аффилиирлендікті тану үшін негіз (жоғалту) пайда болған және акцияларды сатып алу күнінен бастап (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасау) 7 күн ішінде ұсынылады.

16 бап. Қоғамның қызметін тоқтату

16.1. Қоғам қызметінің тоқтатылуы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүзеге асырылады.

16.2. Қоғамның қайта ұйымдастырылынуы (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заң актілерімен анықталған ерекшеліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады. Егер қайта ұйымдастыру жағдайында Қоғам өз қызметін тоқтатса Қоғам акцияларының шығарылынуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте жойылуға жатады.

16.3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады, ол Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес несие берушілермен келісім бойынша және олардың бақылауы бойынша тарату үрдісін анықтайды.

16.4. Қоғамның мәжбүрлеп түрінде таратылуы Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады. Қоғамды тарату туралы талап сотқа мүдделі тұлғалармен ұсынылуы мүмкін, егер басқасы Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылмаса.

16.5. Соттың немесе акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалынады.

16.6. Тарату комиссия Қоғамды таратқан кезде оны басқару және тізілімі Қазақстан Республикасының заңымен анықталған әрекеттерді жасау бойынша өкілеттілігіне ие болады

16.7. Қоғамды ерікті түрде таратқанда тарату комиссиясының құрамына Қоғамның несиеберушілердің өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар кіруі тиіс.

16.8. Қоғамды тарату үрдісі және оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен реттелінеді.

16.9. Қоғамды таратқан кезде оның жарияланған, сонын ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңмен анықталған тәртіпте жойылуға жатады.

16.10. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік акция иелері арасында олардың тиесілі акциялар санына бара-бар бөлінеді.

16.11. Заңды тұлғалардың Бірыңғай мемлекеттік тізіліміне ол туралы жазуды жазғаннан кейін Қоғамның таратылуы аяқталған, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

17 бап. Қорытынды ережелер


17.1. Осы Жарғыда реттелінбеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

17.2. Қоғам қызметін реттейтін заңнаманың өзгеруі және Осы Жарғының ережелері айтылған құқықтық актілерге қайшы әкелген жағдайында, Қоғам өз қызметін қолданылатын заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

17.3. Осы Жарғы оны заңмен анықталған тәртіпте мемлекеттік тіркеген сөттен бастап күшіне иенеді.

Акционерлердің атынан:


Акционерлік қоғам «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы»
Президенті Орымбеков Е.А.



Eran Abduraimovich




Акционерлік қоғам «Орталық-Азия отын-энергетика компаниясы»
Президенті Артамбаева Г.Д.



Gulnara Duzumogashina



СМОТРИ НА ОБОРОТЕ



Республика Казахстан, город Алматы,
тридцатое июня две тысячи девятого года.

Я, Кульмагамбетова Маржан, нотариус города Алматы, нотариус, действующая на основании государственной лицензии № 0000689 от 22 декабря 1999 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан свидетельствую подлинность подписи Президента АО «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая Корпорация» в лице гр.Орымбекова Ерлана Абдикаримовича и Президента АО «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания» в лице гр. Артамбаевой Гульнары Джумагалиевны которые сделаны в моем присутствии. Полномочия представителей и правоспособность юридических лиц проверены

Зарегистрировано в реестре за № 1-1478
Сумма, оплаченная частному нотариусу 3820 тенге

Нотариус

Кульмагамбетова



[Large handwritten signature]

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Министрлігінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Департаментінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Бөлімі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Министрлігінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Департаментінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Бөлімі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Министрлігінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Департаментінің Ақпарат және Қоғамдық Қатынастар Бөлімі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СІЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Немірленгені, тігілген және мер
Бақылау барлығы 29 парақ
20 ж. «13» шілде

ПРОНУМЕРАЦИЯ
НА
НА
ҚЫЗМАГАМЕЕТ ПРОШУРОВАНО
СТР.
ЛИЦЕНЗИЯ
№ 0800689
1999 ЖЫЛЫ 22 ДЕКАБРДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР БӨЛІМІ
БЕРІЛГЕН
ВЫДАНА 22 ДЕКАБРЯ 1999 ГОДА
МИНИСТЕРСТВОМ ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НОТАРИУС